

"БАЛАУСАҒА" – 10 ЖЫЛ!

30 ЖЫЛ



Халқымыздың нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп - ол балабақша. Балабақша болашақ ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, елінің ар намысын қорғауға және ізгі адамгершілік қасиеттерге баулиды.

Қабанбай батыр ауылындағы «Балауса» балабақшасының ашылғанына биыл міне, 10 жыл толыпты. 2011 жылдың 3-желтоқсанында бүлдіршіндердің игілігіне берілген балабақша негізінен 320 балаға арналған.

Қазіргі таңда осы мектеп жасына дейінгі мекемеде 69 адам еңбек етеді. Балабақшада 14 топ бар, оның 7-уі қазақ тілінде, 7-уі орыс тілінде тәрбие береді. Бүгінде 31 білікті педагог бала тәрбиесімен айналысуда. Ұжымдағы тәрбиешілер өздерінің білімі мен білігін бала тәрбиесіне арнап, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне зор үлес қосуда. Тәрбиеші мамандар жыл сайын арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, білімдерін толықтырып отырады.

Өткен жылдың қаңтар айынан бастап балабақшаға балаларды 2 жастан бастап қабылдай бастадық. Бұл

әрине, отбасында отырып қалған жас аналарға жұмысқа шығу мүмкіндігін жеңілдетті. Бүгінгі күні балабақшаның іші бүлдіршіндердің шат күлкісіне толы.

*Бүгін туған күніміз,
Қолда шоқ-шоқ гүліміз.
Арналады сіздерге,
Әсем ән менен би жырармыз!* - деп жыр айтады «Балаусаның» балдырғандары.

М. ӘУБӘКІРОВА,
«Балауса» бөбекжайының
әдіскері.

Қабанбай батыр.

*Ол ұлдың заты – Нұрдан, аты – Сұлтан!
Кеш туған зарықтырып уақытынан.
Жаралған жан әлемі Күлтесіндей,
Халықтың арман, тілек бақытынан.*

Маралтай Райымбекұлы,
ақын.

ЕЛІНІҢ ТІРЕГІ – ЕЛБАСЫ

Тәуелсіздік жылдары Целиноград ауданының орталығы - Ақмол ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа қарқын алды. Целиноград ауданын Елбасы әрқашан назарында ұстап отырды. Ауданымызға Елбасы тұрақты түрде келіп, өңірдің даму бағыт-бағдарын айқындап жол көрсетті.

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толады. 30 жыл – егемен елдің іргетасындай, замана көшінің алғашқы адымындай ұмытылмас, қайталанбас жылдар. Жүйрік аттың шабысындай болып көз алдымыздан өткен осы жылдар ішінде еліміздің басынан не өтпеді? Қандай қиындықтар болса да еңсесін тіктеп тұрған Қазақстанның мысын басу оңай емес еді. Себебі көшбасшы - Елбасымыз, қолдаушысы - халық болатын. Жүрегі «Елім» деп соққан патриот ұл-қыздары бар елдің келешегіне сенуге болатын еді.

Тәуелсіздік алған жылдардың басы қаншалықты қиын болғанын білеміз, бірақ бүгінгі таңда сол қиыншылықтың қуанышын көріп отырғандаймыз. Әу баста Кеңес Одағының құрамында болып үйреніп қалған қазақ халқы үшін тағдырларын, елін бір адамның қолына табыстау үрей мен сенімсіздік тудырғаны рас. «Енді біздің жағдайымыз не болар екен», - деп алаңдаған халықтың сенімін Елбасымыз ақтады. Нәубеті мен қиыншылығы, қуанышы мен қызығы қатар, сынаптай сырғып өткен бұл жылдар әр жас ұрпақтың санасында сайрап тұруы тиіс. Көшбасшымыздың сарабдал саясатының арқасында келген бұл тәуелсіздік біздің ең басты байлығымыз. Оны ары қарай сақтау, дамыту өз қолымызда. Сондықтан әрбір жан тәуелсіздіктің тұғырын биік ұстап, елімізге қызмет етуі, оның өркендеуіне үлес қосуы тиіс.

Бұл күнге жетпеген, тәуелсіздікті әлі күнге дейін аңсап жүрген елдер қаншама. Соған қарап біз өзіміздің бақытты екенімізді сезінеміз.

Ақмол.

Бибіжамал АЙБЕК, архивист.